

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Павлодар облысы бойынша филиалының Павлодар қалалық тіркеу және жер кадастры бөлімі

ЗАНДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ

20 05 ж. « 17 » 03 жүргізілді

БСН 050340001374

№

КӨШІРМЕ
КОПИЯ

Бекітілді:

«ҚЭЗ» АҚ жалғыз акционерінің

2022 жылғы 28 желтоқсандағы

шешімімен



«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Павлодар облысы бойынша филиалының Павлодар қалалық тіркеу және жер кадастры бөлімі

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

БСН 050340001374

№ 2040 04.07.2022 19.06.1400

Бастапқы тіркелген күні

20 05 ж. « 17 » 03

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Павлодар облысы бойынша филиалының Павлодар қалалық тіркеу және жер кадастры бөлімі

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

БСН 050340001374

№ 886 04.07.2022 20.07.2022

Бастапқы тіркелген күні

20 05 ж. « 17 » 03

«ҚАЗАҚСТАН ЭЛЕКТРОЛИЗ ЗАУЫТЫ»

АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ

ЖАРҒЫСЫ

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Павлодар облысы бойынша филиалының Павлодар қалалық тіркеу және жер кадастры бөлімі

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

БСН 050340001374

№ 1099 04.07.2022 01.07.2015ж

Бастапқы тіркелген күні

20 05 ж. « 17 » 03

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Павлодар облысы бойынша филиалының Павлодар қалалық тіркеу және жер кадастры бөлімі

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

БСН 050340001374

№ 226 04.07.2022 02.02.2022ж

Бастапқы тіркелген күні

20 05 ж. « 17 » 03

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Павлодар облысы бойынша филиалының Павлодар қалалық тіркеу және жер кадастры бөлімі

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

БСН 050340001374

№ 3849 04.07.2022 29.09.1400

Бастапқы тіркелген күні

20 05 ж. « 17 » 03

2022 ЖЫЛ

Парақтың көлесі
жағында
См. на обороте

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Қазақстан электролиз зауыты» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) осы жарғысы Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарын қалыптастыру тәртібі мен құзыретін, оның қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

1.2. Қоғамның толық атауы:

- 1) мемлекеттік тілде: «Қазақстан электролиз зауыты» акционерлік қоғамы,
- 2) орыс тілінде: Акционерное общество «Казахстанский электролизный завод»,
- 3) ағылшын тілінде: Joint-Stock Company «Kazakhstan aluminium smelter».

Қоғамның қысқартылған атауы:

- 1) мемлекеттік тілде: «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ;
- 2) орыс тілінде: АО «Казахстанский электролизный завод»;
- 3) ағылшын тілінде: JSC «Kazakhstan aluminium smelter».

Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері:

1.3. Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Шығыс өнеркәсіптік аймағы, 60/2-құрылысжайы, пошта индексі 140001.

2. Қоғамның заңды мәртебесі

2.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын, дербес балансы, банктік шоттары, мөрі бар, өз атынан мүлктік және жеке мүлктік емес құқықтарды иеленіп, жүзеге асыра алатын, міндеттерді атқара алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын коммерциялық заңды тұлға болып табылады.

2.2. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ осы жарғыны, Қоғам органдарының шешімдерін басшылыққа алады.

2.3. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасына және өзге де қолданылатын құқыққа сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға, коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне қатысуға, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген қызметті жүзеге асыруға құқылы.

2.4. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен заңды тұлғалар болып табылмайтын және Қоғамның атынан және оның тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де әрекет ететін, Қоғамның орналасқан жерінен тыс жерлерде филиалдар, өкілдіктер құруға құқылы.

3. Қоғам қызметінің түрлері

3.1. Қоғам қызметінің түрлері:

- 1) алюминийді өндіру, сақтау және өткізу, сондай-ақ бокситтерді, әктасты, отқа төзімді сазды, қиыршық тасты өндіру, өңдеу және өткізу, галлий, алюминий сульфатын, глиноземді және басқа да тауарларды өндіру мен қызметтерді көрсету және оны Қоғам акционерлерінің мүддесі үшін пайдалану;
- 2) электролиз зауытын салу және пайдалану;

- 3) боксит кенін, басқа түсті металдар кендерін, әктасты, қиыршық тасты, құрылыс тасын, отқа төзімді сазды, жергілікті құрылыс материалдарын, кең таралған пайдалы қазбаларды (саз, құм, әктас) өндіру және өңдеу, жер асты суларын өндіру және пайдалану;
- 4) жер қойнауын пайдалану кезінде маркшейдерлік жұмыстар жүргізу;
- 5) кеніштер мен кен басқармаларында бұрғылау-жару жұмыстарын қолдана отырып, тау-кен өндірістерін пайдалану;
- 6) өз өндірісінің қажеттіліктері үшін технологиялық регламенттер әзірлеу;
- 7) қоршаған ортаны ластауға, су пайдалануға және жер қойнауын пайдалануға рұқсат ала отырып, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу;
- 8) минералдық шикізатты қайта өңдеу: қоршаған ортаны ластауға рұқсат ала отырып, алюминий, калий, алюминий сульфаты, глинозем, басқа да сирек және түсті металдар мен олардың жартылай фабрикаттары мен қосылыстарын және ілеспе өнім түрлерін өндіру;
- 9) жарылғыш материалдарды сатып алу, сақтау, өткізу және өндірісте пайдалану;
- 10) алюминийді, глиноземді, галлийді, басқа да сирек және түсті металдарды және олардың жартылай фабрикаттары мен қосылыстарын өткізу;
- 11) мынадай өнім түрлеріне зертханалық сынақтар жүргізу: галлий, алюминий сульфаты, жер үсті, жер асты және ауыз сулары, силикат кені, тау жыныстары, отқа төзімді және тұтқыр материалдар үлгісіндегі оксидті материалдар мен оларды қайта өңдеу өнімдері, геологиялық және өнеркәсіптік материалдар, көмір, бастапқы алюминий құймалары, болатты құймалар, құймаларға арналған шойын, қалайы және қалайысыз қола, жез, мазут, ХП-И химиялық әктас сіңіргіші, болат құбырлар, жұқа табакты және қалың табакты металл илемі, болат соғылмалар, аспирациялық, желдету жабдықтары және басқалары;
- 12) құрылыс материалдарына, көмірге, сүрекке және ағаш материалдарына, қара және түсті металдарға, қара және түсті металдардың сынықтарына радиологиялық бақылау жүргізу, сондай-ақ барлық материалдардың химиялық құрамын анықтау;
- 13) электр және жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және өткізу, негізгі және қосалқы энергетикалық және электртехникалық жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жөндеу, желілерді (оның ішінде электр) және қосалқы станцияларды, гидротехникалық құрылыстарды (күл үйінділерін, градирняларды, шлам үйінділерін), сорғы станцияларын, өнеркәсіптік суағарларды пайдалану;
- 14) электр станцияларын пайдалану;
- 15) электр энергиясын қайта сату мақсатында сатып алу;
- 16) өрт-жарылыс қауіпті өндірістерді пайдалану;
- 17) қысыммен жұмыс істейтін қазандықтарды, ыдыстар мен құбырларды, бу, ыстық су құбырларын, су құбырлары пайдалану және жөндеу;
- 18) жер асты суларын пайдалану, жер асты суларын бақылау ұңғымаларын пайдалану және жөндеу;
- 19) кеніштерде тау-кен, көлік, ұсақтау, жол, бұрғылау, жүк көтергіш жабдықтар мен техниканы, аппаратуралар мен бақылау жүйелерін монтаждау және жөндеу, кен басқармаларында, кеніштерде және Қоғамның басқа да бөлімшелерінде көтергіш құрылыстарды пайдалану және жөндеу;
- 20) күзет, өрт сигнализациясы және өртке қарсы автоматика құралдарын, өрт сөндіру жүйелерін жобалау, монтаждау және техникалық қызмет көрсету, өрт жабдығын жөндеу және өрт сөндіргіштерді зарядтау;
- 21) бейнебақылау жүйелерін монтаждау және оларға техникалық қызмет көрсету;
- 22) қарапайым және қауіпті жүктерді, жолаушыларды теміржол көлігімен жергілікті және теміржол жолдарға шығатын жалпыға ортақ теміржол көлігімен тасымалдау;
- 23) жылжымалы теміржол құрамын жөндеу;
- 24) жүктерді (оның ішінде қауіпті жүктерді) және жолаушыларды автомобиль көлігімен тасымалдау;

- 25) өлшеу құралдарын тексеру және жөндеу;
- 26) өз өндірісінен, оның ішінде кеніштерден түзілетін түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын, отқа төзімді сынықтарды жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу;
- 27) өз өндірісінен және өз мұқтаждары үшін қайталама шикізатты жинау;
- 28) қатты-тұрмыстық, құрылыс-өндірістік қалдықтарды, майланған тоқыма бұйымдарын, үйінді шламды, күл қождарын, аршылған жыныстарды орналастыру және сақтау;
- 29) Қоғам объектілеріндегі прекурсорлардың айналымына (тасымалдау, жөнелту, сатып алу, сақтау, пайдалану, жою) қатысты қызмет;
- 30) технологиялық персоналды, оның ішінде Мемтехнадзорға ведомстволық бағынысты, жалпы орта білімі бар қызметкерлерді кәсіп пен мамандық бойынша кәсіптік даярлау, қайта даярлау, біліктілікті арттыру немесе бастауыш, орта және жоғары білімі бар қызметкерлерді екінші мамандыққа оқыту (қосымша кәсіптік білім алған кезде);
- 31) Қоғам бөлімшелерінде кенді, алюминийді, галлийді, глиноземді және басқа да өнімдерді өндіретін технологиялық жабдықтарды жөндеуге арналған шойыннан, болат құймалардан жасалған жабдықтардың, қосалқы бөлшектердің, түсті металл құймаларының өндірісі;
- 32) жергілікті телефон, қалааралық (халықаралық) телефон байланысы қызметтерін ұсыну, телефон желісіне техникалық қызмет көрсету және пайдалану; радиожилілік спектрін пайдалана отырып радиобайланыс; станция аралық жалғау желілерінде бос арналарды жалға беру;
- 33) иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс істеу: радиоизотоптық жабдықтарды, аспаптарды сатып алу, радиоизотоптық аспаптарды баптау, монтаждау – бөлшектеу, пайдалану, жөндеу, консервациялау және пайдаланудан шығару, мамандандырылған кәсіпорынға бере отырып, радиоактивті қалдықтарды сақтау (көму); жұмыс орындарының радиациялық бақылауы және персоналдың дозиметриялық бақылауы, шикізат үлгілері мен дайын өнімнің құрамына рентгендік құрылымдық талдау жүргізу, рентгенография әдісімен жасалатын материалдар мен жұмыстардың сапасына бұзбайтын бақылау жүргізу; пациенттердің диагнозын анықтау және нақтылау бойынша рентгендік медициналық зерттеулер жүргізу; медициналық бөлімнің аумағында радиациялық бақылау және персоналдың дербес дозиметриясын жүргізу;
- 34) заңнамаға сәйкес келетін сыртқы экономикалық қызмет (тауарлардың экспорты мен импорты);
- 35) бөлшек сауда, оның ішінде алкоголь өнімін өткізу, жұмыспен жабдықтау бөлімі арқылы қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру;
- 36) өндірістік саланың зиянды және қауіпті факторларын өлшеу өндірісі;
- 37) Қоғам аумағында және санитарлық-қорғау аймағында ауаның, топырақтың, су ресурстарының өндірістік мониторингін жүргізу;
- 38) газ тазарту жабдығын сынау және баптау;
- 39) құрамында сынап бар аспаптарды жинау, сақтау, мамандандырылған кәсіпорынға бере отырып, демиркуризация жүргізу;
- 40) шикізатқа, әкелінетін материалдарға, Қоғамның дайын, аралық өнімдеріне сынақтар және сертификатталған сынақтар жүргізу;
- 41) күзет қызметін жүзеге асыру: өз қызметкерлерінің өмірін, денсаулығын және Қоғамның өз мүлкін, оның ішінде бағалы және қауіпті жүктерді және арнайы хат - хабарларды тасымалдау, ілесіп жүру және қорғау кезінде - ТМД және Қазақстан Республикасы бойынша тасымалдау кезінде қорғау; объектілер мен табиғи ресурстарды қорғау - негізгі өндіріске арналған шикізат;
- 42) медициналық және дәрігерлік қызметпен айналысу; зертханалық диагностика: рентгенологиялық, ультрадыбыстық, функционалдық, эндоскопиялық; биохимиялық,

жалпы клиникалық зерттеулер; емдеудің барлық түрлері бойынша амбулаториялық-емханалық медициналық көмек, сараптамалық медициналық қызмет: еңбекке қабілеттілік сараптамасы (ДКК), жүргізушілердің денсаулық жағдайының сараптамасы, кәсіби жарамдылық сараптамасы (профилактикалық және мерзімді медициналық тексеру), наркологиялық сараптама, дәстүрлі емес медициналық қызмет: массаж; рефлексотерапия, санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы медициналық қызмет, жұмыс орындарын аттестаттауды әдістемелік және практикалық қамтамасыз ету, шуды, дірілді, электромагниттік өрістерді, шаңдануды, жұмыс орындарындағы зиянды заттардың шоғырлануын өлшеу, өндірістегі еңбек жағдайларын гигиеналық сараптау және жобалау-техникалық құжаттаманы, техникалық жағдайларды әзірлеу; спорттық сауықтыру;

43) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына (тасымалдауға, сатып алуға, сақтауға, бөлуге және жоюға) қатысты қызмет;

44) құрылысқа арналған инженерлік-геодезиялық іздестірулер, топографиялық жоспарларды жасау және жаңарту;

45) күрделі құрылысқа арналған жобалау жұмыстары, өндірістік, тұрғын үй және қоғамдық мақсаттағы объектілерді архитектуралық жобалау; ғимараттарды, құрылысжайларды, инженерлік жүйелер мен жылыту, су құбыры, кәріз, энергиямен және электрмен жабдықтау, жарықтандыру желілерін, әлсіз тоқты құрылғыларды құрылыстық жобалау; қоршаған ортаны қорғау, еңбекті қорғау, күзет қызметі, өрт - күзет сигнализациясы, өрт сөндіру және өрттен қорғау жүйелері жөніндегі жобалар; күрделі құрылысты пен қолданыстағы технологиялық схемасын жаңғырту және жұмыстар жүргізу мен құрылысты ұйымдастыруды технологиялық жобалау;

46) құрылыс материалдарын (кенді емес: мәрмәр қоқымын, киыршық тасты, мәрмәр және гранит плиталарын, металл және темірбетон конструкциялары мен бұйымдарын, плиталар мен темірбетон шпалдарын, тауарлық бетон мен ерітіндіні өндіру; ағаш бұйымдары мен ағаш материалдарын, құрылыс тастан қаптау материалын дайындау) өндіру;

47) құрылыс-монтаждау жұмыстары, оның ішінде: жер жұмыстары, ғимараттар мен құрылыстардың тірек және қоршау конструкцияларын тұрғызу; металл және бетон конструкцияларын, қысыммен жұмыс істейтін резервуарлар мен сыйымдылықтарды, мұнара және дінгек типті құрылыс конструкцияларын, түтін құбырларын, жерасты құрылыстарын, сыртқы және ішкі инженерлік желілер мен құрылыстарды, қысымдағы құбырларды орнату жұмыстарын монтаждау, жылу желілерін, сумен жабдықтау желілерін, бекіту аппаратурасын, желдетуді, аспирацияны, пневмокөлікті, электрмен жабдықтау желілерін төсеу, ЭБЖ, электр жарықтандыру, байланыс желілері, конструкциялар мен жабдықтарды әрлеу жұмыстары, автомобиль және теміржол жолдарын салу жұмыстары; алюминий өндіретін электролиз кәсіпорнының технологиялық жабдықтарын монтаждау (оның ішінде электролизерлер, трансформаторлық қосалқы станциялар және басқа да электротехникалық қондырғылар), іске қосу-баптау жұмыстары, инженерлік-техникалық күзет құралдарын, қызметтік ит бағып өсіру және ат патрульдеу объектілерін салу жұмыстары;

48) ғимараттар мен құрылыстардың, сыртқы және ішкі инженерлік желілердің жөндеу-құрылыс жұмыстары, конструкциялар мен жабдықтарды әрлеу; Қоғам шығаратын глинозем, алюминий, галлий және басқа да өнім түрлерін өндіретін негізгі және қосалқы жабдықтарды жөндеу;

49) аумақты абаттандыру, көгалдандыру;

50) баспа қызметі, көп тиражды газеттер және баспа жұмыстарының басқа да түрлерін шығару;

51) курорттық-санаторлық қызмет, Қоғам қызметкерлерінің және олардың отбасы мүшелерінің демалысы мен бос уақытын ұйымдастыру;

52) мектептен тыс білім беру саласындағы білім беру қызметі;

53) өзара операцияларды жүзеге асыру;

54) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлері.

3.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алынуы қажет лицензияны немесе рұқсаттың өзге түрін талап ететін қызмет түрлерін Қоғам тиісті лицензиялар мен рұқсаттарды алғаннан кейін ғана жүзеге асырады.

4. Бағалы қағаздар

4.1. Қоғам қарапайым акциялар немесе қарапайым және артықшылықты акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

4.2. Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлеу Қоғамның жоғары органының шешімі бойынша жылдың, жартыжылдықтың, тоқсанның қорытындылары бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

4.3. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) жүзеге асырады.

4.4. Орналастырылатын акцияның құны толық төленгенге дейін Қоғамның осы акцияны Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде оны сатып алушының дербес шотына есепке жатқызу туралы бұйрық беруге құқығы жоқ.

4.5. Қоғам айырбасталатын бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

5. Таза табысты бөлу тәртібі. Дивидендтер

5.1. Қоғамның жоғары органы Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

5.2. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларда Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге және төлеуге жол берілмейді.

5.3. Жоғары органның таза табысты бөлу туралы шешім қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның жарғысында айқындалған.

5.4. Дивидендтер бұрын бөлінбеген пайдадан, соның ішінде өткен кезеңде бөленбеген пайдадан төленуі мүмкін.

6. Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері

6.1. Қоғам акционері:

1) заңда және осы жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқару жұмысына қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғамның жарғысында айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

4) орталық депозитарийден оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға;

6) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салулармен жүгінуге және сұрау салу Қоғамға келіп түскен күннен бастап 30 күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

7) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігін алуға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

9) ірі акционердің құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген.

6.2. Қоғам акционері:

1) акцияның құнын төлеуге;

- 2) 10 жұмыс күні ішінде Орталық депозитарийге Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;
- 3) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

6.3. Қоғам, Орталық депозитарий акционердің осы жарғының 6.2-тармағы 2) тармақшасында айқындалған талапты орындамауының салдары үшін жауапты болмайды.

7. Қоғам органдары

7.1. Қоғам органдары:

- 1) жоғары орган - Жалғыз акционер (дауыс беретін Қоғамның барлық орналастырылған акциялары сенімгерлік басқаруға берілген жағдайда Қоғамның жоғары органының функцияларын сенімгерлік басқарушы барлық дауыс беретін акцияларға иелік ететін тұлға ретінде орындай алады). Егер акционерлердің саны 2 немесе одан көп болса, Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның жоғары органы болып табылады;
- 2) басқару органы - Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган - Бас директор.

Осы жарғымен реттелмеген Қоғам органдары қызметінің, шешімдер қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

7.2. Қоғамның жоғары органы

7.2.1. Қоғамның жоғары органының айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) сатып алудың басым құқығын қолданбай Қоғамның орналастырылатын (өткізілетін) акцияларының немесе Қоғамның қарапайым акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың тәртібін, шекті мерзімдерін және жалпы санын айқындау;
- 4) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 5) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 6) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау, сондай-ақ оларды өзгерту шарттары мен тәртібін айқындау;
- 7) Қоғамның қарапайым акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 8) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттарын, мерзімдері мен тәртібін айқындау;
- 9) акцияларды бөлу туралы шешім қабылдау, осындай бөлудің шарттарын, мерзімдері мен тәртібін айқындау;
- 10) мемлекеттік емес облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығару туралы шешім қабылдау және оларды шығару шарттарын айқындау;
- 11) есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 12) Директорлар кеңесінің сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау (қайта сайлау) және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар мен шығындарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 13) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;

- 14) аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
 - 15) есепті қаржы жылының, жартыжылдықтың, тоқсанның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір қарапайым акциясына есептегенде дивидендтің мөлшерін бекіту;
 - 16) Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
 - 17) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
 - 18) Қоғамға тиесілі барлық активтердің 25 және одан да көп пайызын құрайтын сомда активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) жолымен Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруы немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғаларға қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
 - 19) Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта Қоғамның акцияларды сатып алуы кезінде олардың құнын айқындау әдістемесіне өзгерістерді бекіту;
 - 20) акционерлерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;
 - 21) «Алтын акцияны» енгізу және күшін жою;
 - 22) нәтижесінде Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің 50 және одан да көп пайызын сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылданған күніне Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің 50 және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) Қоғамның ірі мәміле жасасуы туралы шешім қабылдау;
 - 23) нәтижесінде Қоғамның баланстық құнының жалпы мөлшерінің 25 және одан да көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылданған күніне Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің 25 және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін), оны жасауға мүдделілігі бар ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау;
 - 24) шешімдер қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен Қоғамның жоғары органының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.
- 7.2.2. Қоғамның жоғары органы Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге де органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.
- 7.2.3. Егер Қоғам акционерлерінің саны 2 немесе одан да көп болса, Қоғам жыл сайын Акционерлердің жалпы жылдық жалпы жиналысын өткізуге міндетті болады, акционерлердің өзге де Жалпы жиналыстары кезектен тыс жиналыстар болып табылады. Акционерлердің жалпы жылдық жиналысы Директорлар кеңесімен шақырылады. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:
- 1) директорлар кеңесінің бастамасы бойынша;
 - 2) Қоғамның ірі акционерінің бастамасы бойынша;
 - 3) Қоғамның органдары Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы талаптарын орындамаған жағдайда, Қоғамның ірі акционерінің талап қоюы бойынша сот шешімінің негізінде;
 - 4) Қоғам ерікті тарату процесінде болса, Қоғамның тарату комиссиясымен шақырылады.
- 7.2.4. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау және өткізу:
- 1) Қоғамның Бас директоры;
 - 2) Қоғамның Директорлар кеңесі;
 - 3) жасалған шартқа сәйкес Орталық депозитарий;
 - 4) Қоғам ерікті тарату процесінде болса, Қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.
- 7.2.5. Акционерлерге Жалпы жиналысты өткізу туралы хабарлау – 30 күнтізбелік күннен кешіктірілмей, ал сырттай және/немесе аралас дауыс беру жүргізілген жағдайда - жиналыс

өткізілетін күнге дейін 45 күнтізбелік күннен кешіктірілмей қаржылық есептілік депозитарийінің сайтында хабарлама жариялау жолымен жүзеге асырылады.

7.2.6. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі қалыптастырады және талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізбесін қамтуы тиіс.

7.2.7. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертудің негіздемелері мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелген.

7.2.8. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту Қоғамның жиналыста ұсынылған дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады.

7.2.9. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелерге қатысты материалдар акционерлердің танысуы үшін Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері бойынша жиналыс өткізілетін күнге дейін 10 күннен кешіктірілмей дайын және қолжетімді болуы тиіс. Акционердің сұрау салуы болған кезде материалдар акционерге сұрау салуды алған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде жіберілуі тиіс; құжаттардың көшірмелерін дайындау және құжаттарды жеткізу шығындарын акционер көтереді.

7.2.10. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда жарияланған уақытта ашылады.

7.2.11. Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтте Қоғамның дауыс беретін акцияларының жиынтығында 50 және одан да көп пайызын иеленетін, оған қатысуға және дауыс беруге құқығы бар акционерлер тізіміне енгізілген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелген болса, Акционерлердің Жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдерді қарауға және қабылдауға құқылы.

7.2.12. Акционерлердің жалпы жиналысының Төрағасы мен хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде шешім Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданады.

7.2.13. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлердің назарына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қаржылық есептілік депозитарийінің сайтында жариялау арқылы жеткізіледі.

7.2.14. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысын өткізу акционерлердің бастапқы (өткізілмеген) жалпы жиналысын өткізудің белгіленген күнінен кейінгі келесі күннен кешіктірілмей тағайындалуы мүмкін.

7.2.15. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы акционерлердің өткізілмеген жалпы жиналысының өткізу орнында өткізілуі тиіс.

7.2.16. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысының күн тәртібінің акционерлердің өткізілмеген жалпы жиналысының күн тәртібінен айырмашылықтары болмауы тиіс.

7.2.17. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуы тиіс.

7.2.18. Егер Қоғамда жалғыз акционер болса, акционерлер жиналысы өткізілмейді.

7.3. Қоғамның Директорлар кеңесі

7.3.1. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамды дамыту стратегиясын айқындау немесе Қоғамды дамыту жоспарын бекіту;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Қоғамның акцияларын немесе Қоғамның қарапайым акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдау;
- 3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

- 4) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
 - 5) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
 - 6) Қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
 - 7) Бас директорды сайлау және оның өкілеттік мерзімін айқындау, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 8) Бас директордың лауазымдық еңбекақысының мөлшерін, еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын, сондай-ақ оған қатысты тәртіптік жаза шараларын айқындау;
 - 9) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы төлеу мен сыйақы берудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
 - 10) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық еңбекақысының мөлшерін және сыйақы беру шарттарын айқындау;
 - 11) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйымның қызметтеріне, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
 - 12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Бас директор қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту;
 - 13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
 - 14) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) құруы, сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешімдер қабылдау, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысу;
 - 15) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10 және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
 - 16) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің 10 және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;
 - 17) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындау;
 - 18) осы жарғының 7.2.1-тармағының 22) және 23) тармақшаларына сәйкес жасасу туралы шешімді Қоғамның жоғары органы қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер мен Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау;
 - 19) штат кестесін бекіту, Қоғам қызметкерлерінің жекелеген санаттары жұмысқа қабылдау, ауыстыру және еңбек шартын бұзу мәселелерін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту, сондай-ақ филиалдар мен өкілдіктерді қоса алғанда, Қоғам қызметкерлерінің және Қоғамның ұйымдық құрылымының жалпы санын бекіту;
 - 20) Қоғам қызметкерлерінің жекелеген санаттарын көтермелеу және жазалау мәселелерін реттейтін Қоғамның ішкі құжаттарын бекіту;
 - 21) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жататын өзге де мәселелер.
- 7.3.2. Бас адамнан тұратын Директорлар кеңесі Қоғамның жоғары органымен сайланады. Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде 30 пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.
- Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелері арасынан сайланады. Қоғамның Бас директоры Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

7.3.3. Жоғары орган Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның жоғары органының шешімімен жүзеге асырылады, бұл ретте Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтастай алғанда Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

7.3.4. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Бас директорының бастамасы немесе аталғандардың талабы бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) ірі акционердің;
- 3) Қоғамның ішкі аудит қызметінің (болған жағдайда);
- 4) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Бас директор шақырылым туралы талап келіп түскен күннен бастап 10 күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Шұғыл мәселені (немесе шұғыл мәселелерді) қарастыру қажеттілігі туындаған жағдайда отырыс ол шақырылған күні өткізілуі мүмкін.

Күн тәртібіндегі мәселелерге қатысты материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне тиісті отырыс өткізілетін күнге дейін 1 күн бұрын ұсынылады.

Директорлар кеңесінің отырыстарын сырттай өткізу кезінде отырыс материалдары дауыс беруге арналған бюллетеньдерде баяндалуы мүмкін.

7.3.5. Директорлар кеңесінің отырыстары Директорлар кеңесі мүшелерінің көзбе-көз және сырттай отырыстары нысанында өткізілуі мүмкін.

7.3.6. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар кеңесі Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

7.3.7. Директорлар кеңесінің көзбе-көз тәртіпте өткізілген отырысында қабылданған шешімдері отырысқа төрағалық еткен тұлға мен Директорлар кеңесінің хатшысы отырыс өткізілген күннен бастап 3 күн ішінде жасалатын және қол қойылатын хаттамамен ресімделеді.

7.3.8. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі және оған Директорлар кеңесінің Төрағасы (немесе төрағалық етуші) мен хатшы қол қоюы тиіс.

7.4. Қоғамның атқарушы органы.

7.4.1. Қоғамның атқарушы органы Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын жалғыз орган – Бас директор болып табылады. Бас директор Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

7.4.2. Бас директор басқа ұйымдарда Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге құқылы.

Бас директордың басқа заңды тұлғаның атқарушы органы басшысының немесе атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

7.4.3. Қоғамның Бас директоры:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 2) Қоғам қызметіне оперативті/ағымдағы басшылықты жүзеге асырады;
- 3) Қоғам атынан үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста сенімхатсыз әрекет етеді;
- 4) Қоғамның үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында өкілдік ету құқығына, оның ішінде қайта сенім білдіру құқығымен сенімхаттар береді;
- 5) Банктер мен өзге де кредиттік ұйымдарда Қоғамның шоттарын ашады, материалдық және ақшалай қаражатты төлеуге және алуға, оның ішінде банктер мен басқа да ұйымдар арқылы қаржылық, бухгалтерлік және өзге де құжаттарға қол қояды;
- 6) Қоғамның атынан мәмілелер жасайды, Қоғамның мүлкіне билік етеді;
- 7) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттармен айқындалған қызметкерлердің жалпы саны шегінде қызметкерлер санын қайта бөлу құқығымен Қоғамның бекітілген қызметкерлер жалпы саны мен ұйымдық құрылымы шегінде Қоғамның штат кестесін бекітеді;
- 8) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді (филиалдар мен өкілдіктер туралы Ережелерден басқа), сондай-ақ Қоғамның оперативтік қызметіне байланысты ішкі құжаттарды бекітеді;
- 9) Заңда және Директорлар кеңесі бекіткен ішкі құжаттарда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғам қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды, орнын ауыстыруды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады, Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық еңбекақыларының және Қоғамның штат кестесіне сәйкес еңбекақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Қоғам қызметкерлері сыйлықақыларының мөлшерін айқындайды;
- 10) Уақытша болмаған жағдайда (уақытша еңбекке жарамсыздық, демалыс, іссапар) өз міндеттерін орындауды Бас директордың орынбасарларының біріне жүктеуге құқылы;
- 11) Қоғамның жарғысында және Қоғамның жоғары органы мен Директорлар кеңесінің шешімдерінде айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

8. Қоғамның ақпаратты ашуы

- 8.1. Қоғам акционерге оның талабы бойынша заңнамада және осы жарғыда көзделген тәртіппен, бірақ Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылуы міндетті болып табылатын құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті.
- 8.2. Коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын құжаттардың көшірмелерін ұсыну туралы мәселе Қоғамның ішкі құжаттарымен реттеледі.
- 8.3. Қоғамның қызметіне қатысты ақпарат беру туралы акционерлердің сұрау салуларына дәлелді жауаптар Қоғамға тиісті сұрау салу келіп түскен күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде сұрау салуда көрсетілген акционердің мекенжайына жіберіледі.
- 8.4. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мәліметтер мен ақпаратты Қаржылық есептілік депозитарийінің сайтында жариялауды жүзеге асыруға міндетті.
- 8.5. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпия болып табылатын ақпараты бар Қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді.

9. Қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді ашу

- 9.1. Қоғамның ірі акционері мен лауазымды тұлғалары Қоғамға олардың үлестес тұлғалары туралы ақпарат беруге міндетті. Үлестес тұлғалар туралы ақпарат қолма қол немесе электрондық пошта арқылы Қоғамның Бас директорының атына беріледі.

9.2. Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар өз үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді үлестес болған күннен бастап 7 күн ішінде Қоғамға ұсынуға міндетті.

10. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату

- 10.1. Қоғамның қызметі қайта ұйымдастыру немесе тарату жолымен тоқтатылады.
- 10.2. Қоғамның қайта ұйымдастырылуы (бірігуі, қосылуы, бөлінуі, бөлініп шығуы, қайта құрылуы) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған тәртіппен Қоғам акционерлерінің жоғары органының шешімі бойынша жүзеге асырылады.
- 10.3. Қоғамды тарату мынадай негіздер бойынша жүзеге асырылады:
- 1) Қоғамды ерікті түрде тарату туралы жоғары органының шешімдері;
 - 2) Қоғамды мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімдері;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

Уәкілетті тұлға

Батраченко А.А.




Батраченко А.А.

Республика Казахстан, Павлодарская область, город Павлодар
Двадцать шестое января две тысячи двадцать третьего года.

Я, Сулейменова Болшакар Муратовна, частный нотариус нотариального округа Павлодарской области, лицензия № 0001251 Министерства юстиции Республики Казахстан 12.12.2002 года, свидетельствую подлинность уполномоченного лица АО «Казахстанский электролизный завод» Батраченко Андрея Алексеевича и оттиск печати АО «Казахстанский электролизный завод», которая сделана в моём присутствии.

Личность установлена, дееспособность и его полномочия проверены.
Зарегистрировано в реестре за № 60

Взыскано 345 тенге/3450 тенге

Нотариус:  Сулейменова Б.М.



ES8003413230126103444H870026

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия